



**"Кәсіби мерекелер тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау
министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 258 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 2023 жылғы 17 қарашадағы № 480 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 17 қарашада № 33649 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Кәсіби мерекелер тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 258 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32924 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кәсіби мерекелер тізбесі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек және әлеуметтік әріптестік департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

*Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрінің міндетін атқарушы*

А. Сарбасов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Көлік министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а.
2023 жылғы 17 қарашадағы
№ 480 бұйрығына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары -
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрі
2023 жылғы 29 маусымдағы
№ 258 Бұйрықпен
бекітілген

Кәсіби мерекелердің тізбесі

1.	Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы күні	– 10 қаңтар
2.	Қазақстан Республикасының азаматтық авиация қызметкерлері күні	– 1 ақпан
3.	Ұлттық басылым күні	– 2 ақпан
4.	Жерге орналастыру, геодезия және картография күні	– наурыздың екінші сенбісі
5.	Геолог күні	– сәуірдің бірінші жексенбісі
6.	Ғылым қызметкерлері күні	– 12 сәуір
7.	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі күні	– 21 сәуір
8.	Байланыс қызметкерлері күні	– 17 мамыр
9.	Мәдениет және өнер қызметкерлері күні	– 21 мамыр
10.	Химия өнеркәсібі қызметкерлері күні	– мамырдың соңғы жексенбісі
11.	Эколог күні	– 5 маусым
12.	Монополияға қарсы орган қызметкерлері күні	– 7 маусым
13.	Мемлекеттік органдардың арнайы мақсаттағы бөлімшелері әскери	– 9 маусым

	қызметшісінің және қызметкерінің күні	
14.	Полиция күні	– 23 маусым
15.	Мемлекеттік қызметші күні	– 23 маусым
16.	Судья және сот қызметкері күні	– 24 маусым
17.	Жеңіл өнеркәсіп қызметкерлері күні	– маусымның екінші жексенбісі
18.	Малшылар күні	– маусымның екінші жексенбісі
19.	Медицина қызметкері күні	– маусымның үшінші жексенбісі
20.	Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күні	– 28 маусым
21.	Дипломатиялық қызмет күні	– 2 шілде
22.	Су шаруашылығы қызметкерлері күні	– 9 шілде
23.	Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік органдарының күні	– 13 шілде
24.	Нотариат күні	– 14 шілде
25.	Балық шаруашылығы қызметкерлері күні	– шілденің екінші жексенбісі
26.	Металлург күні	– шілденің үшінші жексенбісі
27.	Сауда қызметкерлері күні	– шілденің төртінші жексенбісі
28.	Көлік қызметкерлері күні	– тамыздың бірінші жексенбісі
29.	Құрылысшы күні	– тамыздың екінші жексенбісі
30.	Шекарашылар күні	– 18 тамыз
31.	Шахтер күні	– тамыздың соңғы жексенбісі
32.	Мұнай-газ кешені қызметкерлері күні	– қыркүйектің бірінші жексенбісі
33.	Атом саласы қызметкерлері күні	– 28 қыркүйек
34.	Әділет органдары қызметкерлері күні	– 30 қыркүйек
35.	Машина жасаушы күні	– қыркүйектің соңғы жексенбісі
36.	Радио күні	– 1 қазан
37.	Мұғалім күні	– 5 қазан
38.	Қорғаныс өнеркәсібі қызметкерлері күні	– 6 қазан
39.	Қазақстан кәсіптік одақтарының күні	– 10 қазан
40.	Құтқарушы күні	– 19 қазан
41.	Орман шаруашылығы қызметкері күні	– қазанның үшінші жексенбісі
42.	Кітапханашы күні	– 24 қазан
43.	Әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлері күні	– қазанның соңғы жексенбісі
44.	Күзет ұйымдарының қызметкерлері күні	– 29 қазан

45.	Сыртқы барлау күні	– 5 қараша
46.	Статистика күні	– 8 қараша
47.	Цифрландыру және ақпараттық технологиялар қызметкерлері күні	– 10 қараша
48.	Қазақстан Республикасының қаржы саласы қызметкерлерінің күні	– 15 қараша
449.	Бұрғылаушы күні	– қарашаның үшінші сенбісі
50.	Ауыл шаруашылығы, тамақ және өңдеу өнеркәсібі қызметкерлері күні	– қарашаның үшінші жексенбісі
51.	Адвокатура күні	– 5 желтоқсан
52.	Прокуратура күні	– 6 желтоқсан
53.	Энергетик күні	– желтоқсанның үшінші жексенбісі
54.	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фельдъегерлік қызметі күні	– 20 желтоқсан
55.	Архивші күні	– 22 желтоқсан

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК